

## ЛОГИСТИКАНЫ ТРАНСПОРТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аманкелді Д.Б., Омаров А.М., Нұржан Д.Н.

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: dako94\_94@mail.ru

Елбасы өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында жаңа жолдардың құрылысы, оның қатарында темір жолдың да құрылысы жайында тың идеялар айтты. Жол – күретамыр. Ол қашанда ел экономикасының көшін ілгері сүйреуші локомотив. Автомобиль және темір жол құрылысы елімізді дағдарыстан алып шығар жол болмақ. Бір ғана мысал. Әлемдегі алпауыт ел АҚШ дағдарыс кезінде ірі-ірі жол құрылысын жүргізіп, транспорттың жүйенің жаңа жобасын жасады. Және бұл ел бүгінгі күні елдегі халықарылық стандарттарға сай жолдарымен мақтанады. Мұндай тарихи мысалдар көптеп саналады. Жолдауда логистика саласының даму жолдары айтылды.

Транспорттық қамтамасыз ету – жүк пен жолаушыларды тасымалдайтын қозғалыспен қамтамасыз етілген жұмыс. Тасымалдаудың сызбасы мен технологиясын таңдау көптеген қызмет сфераларына әсер етеді: бәсекеге қабілеттілік, тауар құны мен сапасы т.б.

Логистика – корпорация, компания, зауыт, фабрика секілді кәсіпорындардың жасап шығарған тауар өнімдерін бір нүктеден екінші нүктеге жеткізумен айналысатын сала. Логистика саласына жер, әуе, құбыр жүйесі, кеме, теміржол секілді тасымалдау көлік түрлерін жатқызамыз. Мақсаты: қысқа мерзімде жеткізу, мүліктің сапасын жоғалтпау және өндірістік қуатты жоғарғы деңгейде пайдалану.

Транспорттық логистика – адамдар мен жүктердің тасымалдануын іске асыратын материалдық өндіріс саласы [1]. Қоғамдық өндіріс саласында транспорт материалдық қызмет көрсетулер саласына жатады. Тасымалдау – берілген тауарды немесе жолаушыны транспорттық құралдарды пайдалану арқылы тиелген орыннан жеткізу нүктесіне дейін тасымалдауға арналған логистикалық операция. Өртүрлі транспорттарға берілген сипаттама транспортты таңдауда маңызды рөл атқарады.

Тасымалдауды басқару үшін келесі процедураларды орындау қажет:

- тасымалдау амалын таңдау;
- транспорт түрін таңдау;
- тасымалдау бойынша тасымалдаушы мен делдалды таңдау;
- транспорттық процестің параметрлерін тиімдеу.

Алайда транспорттық логистиканың басты бағыттарының бірі – тасымалдау амалдары мен тасымалдаушы құралдарды таңдау. Логистикалық менеджмент тұрғысынан әрбір көлік түрі өртүрлі ерекшеліктерге ие, артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Транспорт түрлерінің артықшылығы мен кемшілігіне жеке-жеке сипаттама берсек:

- Теміржол транспортының артықшылығы: жоғары жүк өткізу және жеткізу қабілетіне ие.

Ауа райы жағдайларына, жыл мезгілдеріне тәуелділік жоқ. Кемшілігі: тасымалдаушылар саны аз. Жүкті сақтау жеткілікті көлемде қауіпті емес.

- Су көлігі артықшылығы: Жоғары жүк өткізу және жеткізу қабілетіне ие. Алыс жолға кететін шығын көлемі минималды. Кемшілігі: жүк тасымалдауда шектеулер қойылады. Жеткізу жылдамдығы төмен.

- Жеңіл көлік артықшылығы: Жоғары жүк өткізу және жеткізу қабілетіне ие. Жеткізу жылдамдығы жоғары. Жүк бастапқы қалпы жақсы сақталады. Кемшілігі: ауа райы жағдайларына, жол жағдайына тәуелді. Экологиялық тазалық жеткіліксіз.

- Әуе көлігі артықшылығы: жүкті жеткізу жылдамдығы ең жоғары. Жоғары сенімділік. Кемшілігі: жүкті жеткізу құны қымбат.

Транспорттық логистиканың міндеттері:

- транспорттық жүйелерді, оның ішінде транспорттық коридорлар мен транспорттық тізбектерді құру; (транспорттық коридор – жеке географиялық аймақтар арасында жүктің тасымалдануын қамтамасыз ететін ұлттық және халықаралық транспорттық жүйенің бөлігі; транспорттық тізбек – белгілі бір қашықтыққа жүк тасымалдау кезеңдері);

- өртүрлі транспорттағы транспорттық процестерді бірлесіп жоспарлау;
- транспорттық процесті қоймалық және өндірістік процеспен біріктіріп жоспарлау;
- транспорттық құрал түрін таңдау;
- жеткізіп берудің ұтымды маршруттарын анықтау.

### Әдебиеттер тізімі

1. Изтелеуова М.С. Транспортная логистика – Алматы, 2011 – 293 с.